# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
# ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БАСҚАРУ ФАКУЛЬТЕТІ
# ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ

## №1 ХАТТАМАСЫ

**Түркістан қаласы** **25.09.2025 ж.**

**Қатысқандар: АК төрайымы:**

Сабытханова М.Ж. –магистр оқытушы

**Комиссия мүшелері:**
1. Куралбаев А.А.– Академиялық комитет мүшесі, PhD, аға оқытушы
2. Айнакожаев Е.П – Академиялық комитет мүшесі, магистр оқытушы

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.АК жұмысын ұйымдастыру, ережелермен танысу. 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу. ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету

2. Бакалавр деңгейіндегі ЭПК, 2025-2030жж ББ Даму жоспарларын әзірлеу, бекітуге ұсыну

3. Постмониторинг мәліметтерін дайындау. Академиялық тексеріс жұмыстарына қажетті құжаттаманы дайындау

4.Қыркүйек-қазан айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе бойынша АК төрайымы Сабытханова М.Ж.** Күн тәртібіндегі сұрақтармен таныстырды: АК жұмысын ұйымдастыру; Ережелерімен танысу; 2025-2026 оқу жылына АК жұмыс жоспарын әзірлеу. «Қызмет көрсету» даярлау бағыты бойынша АК жұмыс және мәжіліс жоспарының құрылымымен, ережелермен таныстырды.

**АК мүшесі, академиялық персонал – Куралбаев А.А., PhD, аға оқытушы:**

«Қызмет көрсету» даярлау бағыты бойынша білім алушылардың кәсіби құзыреттілігінің негізгі құрылымдық компоненті теориялық білімдерді практикалық дағдылармен интеграциялау қабілеті болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы еңбек нарығының талаптары болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттіліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуын, ұжымдық және топтық өзара іс-қимылда тиімділік көрсете алуын детерминациялайды. Осы контекстe білім беру бағдарламасында декларацияланған құзыреттіліктерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін әрбір академиялық пән мен тақырып бойынша күтілетін оқу нәтижелерін білім алушылардың максималды тиімділікпен игеруіне қолайлы институционалдық және педагогикалық жағдайлар жасау стратегиялық маңызға ие болып отыр.

**АК мүшесі –Айнакожаев Е.П., магистр оқытушы:**

Академиялық комитет мүшелері университет сайтындағы (https://ayu.edu.kz/akademijaly-kommitetter ) Академиялық комитет ережесі, ББ әзірлеу және жаңарту ережесі, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

сәйкестігін бағалауға мүмкіндік берді. Аудит қорытындылары негізінде бағдарламаны жетілдіру, оқу жоспарларын жаңарту және практикалық дағдыларды күшейту бойынша нақты шешімдер қабылданды.

**АК төрағасы Сабытханова М.Ж.**: Құрметті АК мүшелері, 6В11157- Туризм білім беру бағдарламасы бойынша материалдардың дайындығы ішкі аудит барысында жүргізілген құжаттық тексеру нәтижелері арқылы анықталатын болады. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Атамекен» ұйымдастыратын жыл сайынғы рейтингте жоғары орындарға ие болу мүмкіндіктерін қайта қарау мақсатында кешенді талдау және сараптама жүргізу, сондай-ақ білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларын күшейту мәселесін қарастыру қажет. Сонымен қатар, бакалавриат деңгейлеріндегі түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері бойынша жүйелі талдау жұмыстарын жүргізу талап етіледі.

**Шешім:**

Кадр даярлау нарығына талдау жүргізілсін; 6В11157- Туризм білім беру бағдарламасы бойынша институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебі әзірленсін.

**Мәжіліс төрағасы:** **М.Ж. Сабытханова**

**Хатшысы:** **А.А. Куралбаев**